

"Химия өндірісіндегі қашықтықтан басқару" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 296 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 наурызда № 10391 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 308 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.03.2016 № 308 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Химия өндірісіндегі қашықтықтан басқару» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшыларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы Ж. Қасымбек

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
----- Т. Дүйсенова

2015 жылғы 2 ақпан

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының 2014 жылғы
26 желтоқсандағы
№ 296 бұйрығымен
бекітілген

«Химия өндірісіндегі қашықтықтан басқару» кәсіби стандарты 1. Жалпы ережелер

1. «Химия өндірісіндегі қашықтықтан басқару» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыру үшін, оның ішінде кәсіпорындардағы персоналды оқыту үшін, білім беру мекемелеріндегі қызметкерлер мен түлектерді сертификаттау үшін, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін арналған.

2. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:
1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыретінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

4) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

5) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын

талаптарды айқындайтын стандарт;

6) кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

7) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, білікті және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі кәсіптерінің негізгі түрі;

8) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

9) ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарығы жағынан мамандардың біліктілігіне сұраныстар мен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

10) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

1) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

2) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

3) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

4) КС – кәсіби стандарт;

5) ҰБЖ – ұлттық біліктілік жүйесі.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

4. Кәсіби стандарттың атауы «Химия өндірісіндегі қашықтықтан басқару».

5. Кәсіби стандартты әзірлеудің мақсаты Қызметкерлердің білімдеріне, шеберліктеріне, дағдылары мен жеке құзыреттеріне тиісті талаптарды, еңбек функцияларын жүйелік және құрылымдық жағынан сипаттауды кәсіп бойынша көрсету.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: Тіркеуші, жазушы және реттеуші аспаптарымен және құрылғылармен жабдықталған қашықтықтан басқару пультінен технологиялық процесті жүргізу.

7. Негізгі топ: химия өндірісінде өнімдер өндіру;

Кәсіби топ: Химия өндірісінде техникалық процестерді басқару.

3. Кәсіптер карточкалары

8. Кәсіптер тізбесі:

химия өндірісінде қашықтан басқару пультінің операторы, СБШ бойынша 2-4

біліктілік

деңгейі.

Кәсіптер карточкасының характеристика сипаттамасы осы кәсіби стандартқа қосымшада көрсетілген.

«Химия өндірісіндегі қашықтықтан басқару» кәсіби стандартқа қосымша

КӘСІП КАРТОЧКАСЫ «Химия өндірісінде қашықтан басқару пультінің операторы»			
Кәсіп коды	Жаңа		
Кәсіп атауы	Химия өндірісінде қашықтан басқару пультінің операторы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2-4		
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	4-6		
Кәсіби білім деңгейі	Жалпы орта білімі, бірақ негізгі орта білімінен төмен емес болса практикалық тәжірибе және/ немесе кәсіби даярлық (білім беру ұйымының базасында қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту).	Жалпы орта білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім базасында жалпы орта білім немесе техникалық және кәсіби білім болса практикалық тәжірибе және/ немесе кәсіби даярлық (бір жылға дейін кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша білім беру ұйымының базасында курстар немесе кәсіпорында оқыту).	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби (қосымша кәсіби даярлық практикалық тәжірибе).
Еңбек функциялары	1) Қашықтықтан басқару пультінен технологиялық процесті басқару		
	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (4-ші разряд)	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (5-ші разряд)	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4 (6-шы разряд)
		1. Берілген өндірістік режимге сәйкес технологиялық процесті реттеу. 2. Процесті қолмен және қашықтықтан реттеудің практикалық тәсілдерін игеру. 3. Технологиялық процесс барысын түзету. 4. Қашықтықтан басқару пультінен күрделі көп фазалы технологиялық процесті орындау. 5. Пультте орнатылатын бақылау өлшегіш, тіркеуіш және реттегіш аспаптар мен	1. Өндірістің барлық сатылары бойынша шикізаттар, жарты дайындалған өнімдер, дөңгелек шығуының шығындарын есептеу : есепке алу, оның ішінде шикізаттың химиялық талдауы бойынша шикізат материалдарды есептеу мен автоматиканың көмегімен негізгі шикізат, қоса

<p>Шеберлігі мен дағдылары</p>	<p>1. Бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері және химиялық талдау нәтижелері бойынша технологиялық процесті басқару</p> <p>2. Басқару пультінен технологиялық режимнің параметрлерін реттеу.</p> <p>3. Электрлік схемада бағдарлай білу, электр қозғалтқыштар, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика жұмысына қосылу.</p> <p>4. Өлшеуші және реттеуші блоктарды жөндеп күйге келтіру.</p> <p>5. Датчиктер, өңдеуіштер мен өлшеуіш аспаптарын реттегішке қосу.</p>	<p>автоматтық құрылғыларға қызмет көрсету.</p> <p>6. Сигнал беретін құрылғылар бойынша технологиялық процестің бұзылуларын және жабдықтар жұмысында олқылықтарын жою дағдылары.</p> <p>7. Қашықтықтан басқару пультінен қолмен басқаруға көшу шеберлігі.</p> <p>8. Құрал-саймандар мен бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалану.</p> <p>9. Аспаптарға, манометрлік термометрлерге сигнал беретін құрылғыларды, деңгей сигнализаторларын, аралық элементтерді, сигнал шығаратын құрылғыларды, қысым сигнализациясы датчиктерін ретке келтіру.</p> <p>10. Қол немесе электрлік сорғы немесе құбырлардың көмегімен импульстік желілерді және бөліп көрсететін ыдысты бөлгіш сұйықпен толтыру.</p>	<p>материалдар, электр температура, қысым процестің басқа көрсеткіштерінің шығыстарын реттеу.</p> <p>3. Шикізат және өнімді сапалы құрамын бағалау талдау.</p> <p>4. Шикізат, қосал материалдар, электр шығысын бақылау және реттеу.</p> <p>5. Технологиялық процесті бақылау және реттеу жұмысын бақылау және реттеу және жұмыс құжаттамас талаптарына сәйкес технологиялық процесті жүргізу.</p> <p>7. Басқару пультінің бақылау және реттеу жұмысын қамтамасыз ету.</p> <p>8. Пневоэлектрлік сигнал құрылғылар бойынша жабдықтар жұмысында олқылықтар, технологиялық режим нормаларын ауытқулар себептерін анықтау және реттеу.</p> <p>9. Өндірістің ағылм схемасын жасау.</p>
	<p>1. Қашықтықтан басқару пультінің регламенті.</p>	<p>1. Технологиялық регламент.</p> <p>2. Көп фазалы технологиялық процесте температура, қысымның, кернеу, мөлшерлеу және басқа параметрлердің ауытқу шектері.</p> <p>3. Өнеркәсіптік мақсаттағы электрондық есептеу машиналарының әрекет қағидаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> - автоматты жинау; - алғашқы өңдеу; - технологиялық процестің күйі туралы ақпаратты тіркеу; 	<p>1. Пайдаланатын шикізат өнімдердің физика-химия және технологиялық қасиеттері, оларға мемлекеттік стандарттағы техникалық шағын стандарттарды қолдану.</p> <p>2. Шикізат пен өнім шығуын есептеу әдістерін қолдану.</p> <p>3. Сынамаларды сұрыптау және бақылау.</p> <p>4. Шикізат пен қосал материалдардың сапасын бақылау және реттеу.</p>

Білімдері	<p>2. Негізгі және көмекші жабдықтар, басқару қалқан жұмысының қағидаты мен құрылысы</p> <p>3. Бақылау-өлшеу аспаптары мен реттеуші құрылғыларды пайдалану ережесі</p> <p>4. Жүргізетін процестің технологиялық режимі және оны реттеу ережесі.</p> <p>5. Өндірісті автоматтандырудың үлгілік схемалары, реттегіш жүйелерінің құрылысы, сигнал беру, қорғау мен оқшаулау элементтерімен.</p>	<p>- қолайлы жағдайларды есептеу;</p> <p>- бақыланатын параметрлердің нормаларынан әр түрлі ауытқулар туралы мәліметтерді беру;</p> <p>- экономикалық көрсеткіштерді есептеу;</p> <p>- реттеуші құрылғыларға командаларды беру.</p> <p>4. Жабдықтардың, бақылау-өлшеу аспаптар мен автоматика жүйелерінің құрылысы, әрекет қағидаты.</p> <p>5. Аспаптар мен автоматты жүйелер жұмысында болатын олқылықтар және оларды жою тәсілдері.</p> <p>6. Бөлшектер мен түйіндердің тозуы мен деформациялану түрлері.</p> <p>7. Құрал-саймандар мен бақылау-өлшеу аспаптардың құрылысы және міндеті.</p>	<p>материалдардың шын нормативтері.</p> <p>5. Бақылау-өлшеу аспап автоматика құралдар пайдалану ережесі.</p> <p>6. Автоматты құрылғы қызмет көрсету ережесі.</p> <p>7. Автоматиканы бақылау және процесті оқшау схемасы.</p> <p>8. Технологиялық реттеу және оны реттеу ережесі.</p> <p>9. Бақылау-өлшеу аспаптардың, автомат жүйесі мен жабдықтау құрылысы және конструкциясы.</p> <p>10. Қызмет көрсетілмеген жабдық, іске қосылатын бақылау-өлшеу аппаратураның міндеті құрылысы, оларды келтіру ережесі.</p>
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Командада жұмыс істеу шебер Талдамалық қабілеттері.		
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	8159	Химия өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу аппаратшысы.	
Кәсіби стандарттың техникалық деректері			
Өзірленді	«Қазақстан республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігі еңбекті қорғау жөніндегі республикалық Ғылыми-зерттеу институты» республика мемлекеттік Қазыналық кәсіпорыны		
Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы	1 нұсқа, 2014 жыл		
Болжамды қайта қарастыру күні	2017 жыл		